



## **Ірі қалалардың маңындағы аймақтарда сүт өндірісін дамытудың 2000-2002 жылдарға арналған салалық бағдарламасын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 15 қараша N 1719

"Ауыл шаруашылығы өндірісін дамытудың 2000-2002 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 ақпандағы N 175 P000175\_ қаулысына сәйкес, сондай-ақ ірі қалалардың халқын отандық өндірістің сүт және сүт өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қоса беріліп отырған Ірі қалалардың маңындағы аймақтарда сүт өндірісін дамытудың 2000-2002 жылдарға арналған салалық бағдарламасы бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.К. Ахметовке жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2000 жылғы 15 қарашадағы  
N 1719 қаулысымен  
бекітілген

Ірі қалалардың маңындағы  
аймақтарда сүт өндірісін дамытудың  
2000-2002 жылдарға арналған

Салалық бағдарламасы

Астана-2000 ж.

Ірі қалалардың маңындағы аймақтарда  
сүт өндірісін дамытудың 2000-2002 жылдарға  
арналған салалық бағдарламасының  
Паспорты

Бағдарламаның атауы Ірі қалалардың маңындағы аймақтарда  
сүт өндірісін дамытудың 2000-2002  
жылдарға арналған салалық бағдарлама

Бағдарламаны әзірлеудің негізі "Ауыл шаруашылығы өндірісін дамытудың  
2000-2002 жылдарға арналған бағдарламасын  
іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын  
бекіту туралы" Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 2000 жылғы 5 ақпандағы  
N 175

P000175\_

қаулысы

Бағдарламаның негізгі Қазақстан Республикасының Ауыл  
әзірлеушілері шаруашылығы министрлігі, облыстардың  
әкімдері

Бағдарламаны іске асырудың 2000-2002 жылдар  
мерзімдері

Бағдарламаның мақсаты Отандық сүт өндірісі өнімдерінің кең  
ассортиментіне ірі қалалар халқының  
төлем қабілетін барынша қанағаттандыру

Бағдарламаның міндеттері Сүт өңдеуші ұйымдарды қалпына келтіру  
және дамыту, олардың шикізат базасын  
және дайындау пункттері желісін кеңейту,  
өндірілген өнімді өткізудің рыноктарын  
ұйымдастыру.  
Сүт өндірісін ірі қалалар маңында  
шоғырландыру, сүтті мал шаруашылығының  
тектік әлеуетін арттыру және жемшөп

## базасын жасау

Негізгі іс-шараларды орындаушылар Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шараларда белгіленген

Қаржыландыру көздері мен көлемі Бағдарламаны қаржыландырудың жалпы көлемі 3 930,4 млн. теңге, соның ішінде:  
республикалық бюджет - 672,4 млн. теңге  
жергілікті бюджет, инвестициялар, заңды және жеке тұлғалардың меншікті қаражаттары - 3 258 млн. теңге

Күтілетін түпкілікті нәтижелер Бағдарламаны іске асыру ірі қалалар халқының сүтке қажеттілігін қала маңындағы аймақтан қамтамасыз етуді 87 %-ға жеткізуге, сүтке айналдырғандағы сүт пен сүт өнімдерінің импорты көлемін 2 есе төмендетуге мүмкіндік береді. Сүт өңдейтін ұйымдарды қалпына келтіру мен дамыту, олардың шикізат базасын және дайындау пункттері желісін кеңейтуге жәрдемдеседі.

### 1. Кіріспе

Соңғы жылдарда сүт және сүт өнімдерін өндіру көлемінің төмендеуі тенденциясына байланысты, отандық өндірістің осы өнімдермен рынокты қанықтыру мәселелерінің маңызы арта түсуде. Қолда бар резервтерді пайдалану және ауыл шаруашылығы өнімі өндірісінің экономикалық тиімділігін арттыру, оның ішінде сүт өндірісін дамыту өндіріс көлемін арттыру шарттарының бірі болып табылады.

Қала маңындағы аймақтарда сүтті мал шаруашылығын дамыту, өзінің өткізу рыногына жақындығынан сүт өндірісі бойынша әрқашанда неғұрлым тиімді болатын. Алайда, соңғы жылдардағы экономикалық ахуал, халықтың төлемге қабілетті сұранысының күрт төмендеуі жоспарлы экономика жылдарында құрылған сүт және оны өңдеу өнімдерінің мамандандырылған өндірісінің күрт

қысқартылуына әкеп соқты. Сондықтан, сүт және оны өңдеу жөніндегі шикізат

базасын кеңейту мәселелерін шешудің неғұрлым орынды жолы, осы бағдарламадағы кешенді іс-шараларда көзделгеніндей, сүт өндіру саласының ұйымдарын дамытуды ескере отырып, сүтті мал шаруашылығын қалалардың маңында шоғырландыру.

## 2. Сүтті өндіру мен тұтынудың қазіргі жай-күйін талдау

### 1-кесте

#### 2.1. Республикада сүт өндіру мен тұтынудың 1992-1999 жылдардағы серпіні

(мың тонна)

Жылдары!	Өндірісі !	Импорты !	Экспорты !	Халықтың !	Сальдо*
!	!	!	тұтынғаны !	!	!
1992	5265,1	46,7	172,9	4577,6	561,3
1993	5576,1	56,5	121,3	4410,6	1100,7
1994	5296,0	41,4	116,9	4120,7	1099,8
1995	4619,1	87,6	87,8	3705,3	913,6
1996	3627,1	109,3	33,6	3391,5	311,3
1997	3334,5	163,3	14,4	3084,5	398,9
1998	3394,3	191,2	21,4	3104,9	459,2
1999	3535,0	163,0	5,6	3150,0	542,4

\*Сальдо - жыл басындағы қалдығы және тамақтан басқа мақсаттарға пайдалану.

Сүтті өндіру көлемі республика шаруашылықтарының барлық санаттары бойынша 1998 жылға дейін қысқарып келген, ал кейінгі жылдары өндіріс көлемі тұрақтанды және өсуі байқалады. Осындай тенденция республика халқының сүтті тұтынуында да орын алды. Оның үстіне, сүт импортының көлемі артты және осы өнім экспорты едәуір азайды.

### 2-кесте

#### 2.2. Республика халқын сүт және сүт өнімдерімен 1999 жылы қамтамасыз етудің жай-күйі

(мың тонна)

Көрсеткіштер	! 1999 ж. ! нақты	
Өндірісі	3535,0	
Импорты	163,0	
Бүкіл кірісі:	3698,0	
Тұтынылды:		
Халықтың тұтынуы	3150,0	
Жемшөп мақсатына пайдаланылғаны		353,0
Экспорты	5,6	
Шығыны	7,0	
Бүкіл шығыс:	3515,6	
Жыл соңындағы қалдық	182,4	
Өз өндірісінің сүтімен қамтамасыз ету, %	100,6	
Сүт өнімін халықтың жан басына шаққандағы жыл бойы тұтынылғаны, кг		210

Республика халқының төлем қабілеті, тұтас алғанда, өз сүт өндірісімен қанағаттандырылуда.

Сүтті жан басына тұтыну ғылыми негізделген деңгейден 405 кг (52 %) және 1990 жылғы ең жоғары жетістігі 311 кг (67 %) құрады.

### 3-кесте

2.3. Қалалар маңындағы аймақтардың шегінен тыс орналасқан ауылды жерлер мен шағын қалалар халқының 1999 жылы сүт және сүт өнімдерімен қамтамасыз етілуі (мың тонна)

Көрсеткіштер	! 1999 ж. нақты	
Өндіру	2173,0	
Импорты	15,0	
Бүкіл кірісі:	2188,0	
Өз мұқтаждарына жұмсалғаны		1921,4
Экспорты	5,6	
Ірі қалалардың рыноктарына апарылғаны		257,0
Шығындары	4,0	

Сүттің тауарлық құндылығы, %	12	
Сүт өнімін халықтың жан басына шаққанда жыл бойы тұтынылғаны, кг		195

Өндірілген сүт, негізінен, жергілікті жерде тұтынылғанымен, ғылыми негізделген деңгейі жан басына шаққанда, орташа тұтыну деңгейінің 48 % ғана құрайды.

Мұның өзінде, өңделген сүттің шалғайлығы мен көлік шығынының көптігінен 12 % ірі қалалардың рыноктарына әкетіледі.

#### 4-кесте

### 2.4. Республикадағы ірі қалалардың халқының 1999 жылы

сүт және сүт өнімдерімен қамтамасыз етілуі

(мың тонна)

Көрсеткіштер	!	1999 ж.
	!	нақты
Қала маңындағы аймақтағы сүт өндірісі		1362,0
Қала маңындағы аймақта тауар өндірушілердің өз қажеттеріне жұмсағаны		534,0
Қала маңындағы аймақтағы тауарлық сүттің көлемі		825,0
Шығыны	3,0	
Қала маңындағы аймақтан шығарылуы		5,0
Қала тұрғындарының тұтынуы		1225,0
Оның ішінде: қала маңындағы аймақта өндірілгені		825,0
импорты	148,0	
қала маңындағы аймақтың шегінен тыс әкелінгені	257,0	
Қала маңындағы аймақта өндірілген сүттің жалпы тұтыну көлемінің үлес салмағы, %		67
Сүт өнімін халықтың жан басына шаққандағы жыл бойы тұтынылғаны, кг		237

Ірі қалалар халқының сүт өнімдеріне қажеттілігі қала маңындағы аймақтан 825 мың тонна көлемінде немесе 67 % ғана қанағаттандырылады.

Импорнтталған сүт өнімі 12 % құрайды және олар терең өңдеу мен сүт өнімдерінің (қоюлатылған, консервіленген және құрғақ сүт, сары май, ірімшік, балалар тағамы, йогурт) түрінде ұсынылады.

Сүт өнімінің халықтың жан басына шаққандағы қажеттілігі ғылыми негізделген нормалардың небәрі 58 % құрайды.

### 5-кесте

#### 2.5. Республиканың ірі қалалары тұрғысында халықтың 1999 жылы сүт және сүт өнімдерімен қамтамасыз етілуі (мың тонна)

Қалалар !Халық ! Нақты ! Қала ! Қала ! Қала маңындағы ай. ! Қала атауы !саны !тұтыныл.!маңын. !маңын.!мақтан тыс әкелінгені!маңын. ! !ғаны !дағы !дағы !-----!дағы !мың ! !аймақ. !аймақ.!Бар. !О.і. !Қала ма.!аймақ. !адам ! !тан !тан !лығы !импор.!ңындағы !тан тыс ! ! !әкелін.!қамта.! !ты !аймақтан!әкетіл. ! ! !гені !масыз ! ! !тыс әке.!гені ! ! ! !ету % ! ! !лінгені !

Астана	313,3	86	59	69	27	17	10
Көкшетау	123,3	32	30	94	2	1,6	0,4
Ақтөбе	253,0	63	50	79	13	9	4
Алматы	1130,1	271	174	64	97	48	49
Талдықорған	98,0	24	25	104	1	1	2
Атырау	141,8	30	6	20	24	7	17
Өскемен	310,9	75	52	69	23	4	19
Семей	269,7	60	43	72	17	2,2	14,8
Тараз	325,5	68	51	75	17	8,3	8,7
Орал	196,1	52	44	85	8	2,4	5,6
Қарағанды	437,7	125	40	32	85	20	65
Жезқазған	90,4	31	6	19	25	6	19
Қызылорда	157,3	32	13	41	19	10	9
Қостанай	222,5	67	41	61	26	2	24

Павлодар	299,7	78	64	82	14	5	9
Петропавл	203,4	57	57	100	3	3	3
Шымкент	357,9	74	70	95	4	1,5	2,5
Барлығы	4930,2	1225	825	67	405	148	257

---

Қала маңындағы аймақтан Астана, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Жезқазған, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Семей, Тараз, Өскемен қалаларын сүтпен қамтамасыз етудің % төмен.

#### 6-кесте

### 2.6. Ірі қалаларда 1999 жылы сүт өнімдерін тұтынудың құрылымы

(мың тонна сүтке айналдырғанда)

---

Сүт және сүт өнімдері!	Сүт өнімдерінің!	Оның ішінде
!барлық	!-----	
!тұтынылғаны	! отандық сүт	! Импортталып
!	! өңдейтін	! әкелінгені
!	! ұйымдардың	!
!	! өндіргені	!

---

Барлығы сүтке айналдырғанда	1225,0	161,0	148,0
-----------------------------	--------	-------	-------

оның ішінде:  
өнеркәсіптік  
өңделмеген сүт  
өнімі 916,0

өнеркәсіптік  
өңделген сүт  
өнімі 309,0 161,0 148,0

оның ішінде:  
өнеркәсіптік  
өңделген қаймағы  
алынбаған сүт



өнімі	99,7	94,1	5,6
ірімшік	31,5	23,2	8,3
сары май	83,6	38,7	44,9
қоюлатылған, қоюлатылмаған, құнарлы сүт	33,0		33,0
сүт өнімінің қайта өңделген басқа да түрлері	48,6	1,2	47,4
балмұздақ	12,6	3,8	8,8

---

Өңделмеген түрде тұтынылған сүт 916 мың тонна, жалпы тұтынылған көлемінің 75 % құрайды.

Өңделген сүт өнімінің 52 % отандық ұйымдардың үлесіне тиеді.

Отандық ұйымдарда шығарылған сүт өнімінің 94 % қаймағы алынбаған сүт өнімін құрайды.

## 7-кесте

### 2.7. Отандық өндірістегі сүт өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігі

---

! Рыноктағы сату бағасы (теңге)  
Сүт өнімдерінің негізгі !-----  
түрлері !Өздерінің өндіргені (отандық) ! Импорт.  
!-----! талған  
! Жеке ! Өнеркәсіптік ! өнімі  
! меншіктегі !өндірушілердің !  
!өндірушілердің! өнімі !  
! өнімі ! !

---

Қаймағы алынбаған сүт (кг)	25-30	35-40	
Қаймақ (кг)	150-160	180-200	
Сары май (кг)	230-250	280-300	300-350

Ірімшік (кг)	350-400	400-450
Қоюлатылған сүт (400 гр)		55-60
Құнарлы сүт (400 гр)		50-55
Құрғақ сүт (кг)	220-250	250-300
Йогурт (125 гр)	20-25	35-40

---

Жеке меншіктегі өндірушілер өнімінің бағасы төмен болғандықтан, олардың өніміне сұраныс жоғары.

Отандық өнеркәсіптік өндірушілер өнімінің бәсекеге қабілеті болмауының негізгі факторлары:

технологияның артта қалуы және жабдықтардың тозуынан өндірістің шығыны жоғары;

шетел өнімімен салыстырғандағы өнімнің сыртқы безендірілуінің тартымды болмауы.

#### 8-кесте

#### 2.8. Сүттің жалпы өндірісіндегі қайта өңдеудің үлес салмағы

---

!	Жылдар								
!	-----								
!	1992	1993	1994	1995	1996	1997	1998	1999	
Көлемі,									
мың тонна	2133	2069	1396	623	349	203	180	161	
%	40,5	37,1	26,4	13,5	9,6	6,1	5,3	4,6	

---

Қазіргі уақытта сүттің басым бөлігі, қалалардың рыноктарын қосқанда, қайта өңдеусіз пайдаланылады. Сапалы шикізаттың жетіспеуінен және халықтың төлем қабілеті төмен болғандықтан, қаймақ, ірімшік, қаймағы алынбаған сүт сияқты өнімдерді өндірудің үлесі мейлінше аз.

#### 9-кесте

#### 2.9. Сүтті өңдеу жөніндегі өндірістік қуаттарды 1999 жылы пайдаланудың жай-күйі

---

Қалалар ! Өндіруге арналған өндірістік қуаттардың болуы  
! (ауысым/тонна)

!-----

!Қаймағы ! сары ірім.!қоюла. !құрғақ!балмұздақ  
!алынбаған! май !шік !тылған !сүт !  
!сүт ! ! !сүт ! !

---

Астана	250	7,2	5	1,0	
Көкшетау	150	8,0	4,0		2,8
Ақтөбе	90	9,5	2,4		2,7
Алматы	360	10,0	14,0		
Талдықорған	200	5,0	6,0	1,0	
Атырау	10				
Өскемен	126	14,7	2,9	0,4	5
Семей	74	4,4	2,0		
Тараз	100	4,5	4,0		1,3
Орал	50	5,7	2,8		2,5
Қарағанды	100	2,0	0,4		1,5
Жезқазған	10	0,2	0,4		
Қызылорда	10	0,2	0,2		
Қостанай	150	4,5	4,0		2,5
Павлодар	220	5,9	9,4	6,2	3,0
Петропавл	100	18	3		3,0
Шымкент	100	6,0	2,5		

---

Жиынтығы 2100 105,8 63 8,6 24,3

---

таблицаның жалғасы:

Қалалар ! Нақты өндірілген өнім  
! (мың тонна)

!-----

!Қаймағы ! сары ірім.!қоюла. !құрғақ!балмұздақ  
!алынбаған! май !шік !тылған !сүт !  
!сүт ! ! !сүт ! !

---

Астана	7,1	0,2	0,04	0,5	
--------	-----	-----	------	-----	--

Көкшетау	2,7	0,1	0,1	0,2	
Ақтөбе	2,2	0,12		0,1	
Алматы	19,2	0,32	0,4	1,04	
Талдықорған	1,8	0,1	0,1	0,1	
Атырау	0,8			0,2	
Өскемен	7,8	0,16	0,3	0,2	
Семей	5,4	0,1	0,14	0,1	
Тараз	6,7	0,1	0,36	0,1	
Орал	4,5	0,04	0,23	0,06	
Қарағанды	2,6		0,03	0,1	
Жезқазған	0,8		0,02		
Қызылорда	0,3			0,1	
Қостанай	8,4	0,15	0,41	0,1	
Павлодар	8,2		0,1	0,5	0,1
Петропавл	11,6	0,52	0,4	0,1	
Шымкент	4,2		0,17	0,1	

---

Жиынтығы      94,1    1,9    2,8      0,5    2,9

---

таблицаның жалғасы:

---

Қалалар !      Өндіруге арналған қуаттарды пайдалану %

!-----  
!Қаймағы ! сары ірім.!қоюла. !құрғақ!балмұздақ  
!алынбаған! май !шік !тылған !сүт !  
!сүт ! ! !сүт ! !

---

Астана	9	10	2,7	
Көкшетау	6	4,2	8,3	1,7
Ақтөбе	8,1	4,3		12
Алматы	18,0	10,6	9	
Талдықорған	3,0	6,6	5,5	
Атырау	8,0	0	0	
Өскемен	20,0	3,6	4,0	13
Семей	24,0	8,0	23,3	
Тараз	22,3	7,7	30	25
Орал	30	2,3	28	33
Қарағанды	8	0	2,5	7,0

Жезқазған	27,0	0	16		
Қызылорда	10	0	0		
Қостанай	19,0	11,0	34		13
Павлодар	12,4	0	3,0	27	11
Петропавл	38,0	9,0	44		11
Шымкент	14	0	22,6		

---

Жиынтығы	15,0	6,0	15	19	39
----------	------	-----	----	----	----

---

Қолда бар қуаттардың жұмыс істеу жүктемесі деңгейі өте төмен. Мұндай жүктемемен қандай үстеме баға болса да, шығынды өтеу мүмкін емес. Бала тағамдары, сүт консервілерін өндіретін қуаттар іс жүзінде, жоқ.

## 10-кесте

### 2.10. Сүт өңдейтін ұйымдардың жай-күйі

---

Қала және ұйымдардың атауы	Іске қосылған	Қуат, бір өңдейді, !	Сумен жабдық. ! тау	Кәріз
	ауысымда	!	!	!
	жылы	тн	!	!

---

Астана "Сүт"

(Фудмастер) ААҚ	1967	71,4	Қалалық су құбыры	қалалық арна тартуы
-----------------	------	------	-------------------	---------------------

Көкшетау "Сүт" ААҚ	1966	66,4	Қалалық су құбыры	қалалық арна тартуы
--------------------	------	------	-------------------	---------------------

Ақтөбе "Таң шолпан" ААҚ	1966	71,0	Қалалық су құбыры	қалалық арна тартуы
-------------------------	------	------	-------------------	---------------------

Алматы "Жігер" ААҚ	1977	257	Қалалық су құбыры	қалалық арна тартуы
--------------------	------	-----	-------------------	---------------------

Талдықорған "Ақбұлақ" ААҚ	1974	54,3	Артезиан құдығы	қалалық арна тартуы
---------------------------	------	------	-----------------	---------------------

Атырау "Атырау сүт" ААҚ	1957	22,1	Қалалық су	қалалық арна
-------------------------	------	------	------------	--------------

	кұбыры	тартуы		
Өскемен "Сүткомбинаты" ААҚ	1983 38,0	Қалалық су құбыры	қалалық арна тартуы	
Семей "Ақбұлақ" ААҚ	1964 135,0	Қалалық су құбыры	қалалық арна тартуы	
Тараз "Сүт" ААҚ	1960 42,8	Артезиан құдығы	қалалық арна тартуы	
Орал "Береке" ААҚ	1965 42,4	Қалалық су құбыры	қалалық арна тартуы	
Қарағанды "Милк" ААҚ	1959 104,5	Қалалық су құбыры	қалалық арна тартуы	
Жезқазған "Ғасыр" ЖШС	1964 32,7	Қалалық су құбыры	қалалық арна тартуы	
Қызылорда "Ілтипат" ААҚ	1978 42,0	Қалалық су құбыры	қалалық арна тартуы	
Қостанай "Ден" ЖШС, "Молочник" ЖШС	1969 404,5	Қалалық су құбыры	қалалық арна тартуы	
Павлодар "Сүт" ААҚ	1965 155,0	Қалалық су құбыры	қалалық арна тартуы	
Петропавл "Мол-сервис" ААҚ	1986 577,0	Қалалық су құбыры	қалалық арна тартуы	
Шымкент "Сүт" ЖШС	1986 243,2	Қалалық су құбыры	қалалық арна тартуы	

-----  
таблицаның жалғасы:

-----  
Қала және !Жылумен !Суықпен !Соңғы !Жабдықпен !Тозу

ұйымдардың атауы      !жабдықтау!жабдықтау!қайта      !жарақтандыру ! %  
    !құру      !  
    !өткізіл. !  
    !ген жылы !

---

Астана "Сүт" (Фудмастер) ААҚ	Орталық Меншікті ЖЭО	-	отандық	62
Көкшетау "Сүт" ААҚ	Меншікті	Меншікті	1981	отандық 48
Ақтөбе "Таң шолпан" ААҚ	Орталық Меншікті ЖЭО		1986	отандық 55
Алматы "Жігер" ААҚ	Орталық Меншікті ЖЭО			отандық 35
Талдықорған "Ақбұлақ" ААҚ	Орталық Меншікті ЖЭО			отандық 40
Атырау "Атырау сүт" ААҚ	Меншікті	Меншікті		отандық 67
Өскемен "Сүткомбинаты" ААҚ	Орталық Меншікті ЖЭО			отандық 25
Семей "Ақбұлақ" ААҚ	Меншікті	Меншікті	1987	отандық 55
Тараз "Сүт" ААҚ	Меншікті	Меншікті	1972	отандық 80
Орал "Береке" ААҚ	Орталық Меншікті ЖЭО	-		отандық 57
Қарағанды "Милк" ААҚ	Орталық Меншікті ЖЭО	-		отандық 75
Жезқазған "Ғасыр" ЖШС	Меншікті	Меншікті	-	отандық 48
Қызылорда "Ілтипат" ААҚ	ЖЭО	Меншікті	-	отандық 45

Қостанай "Ден" ЖШС, "Молочник" ЖШС	ЖЭО	Меншікті	-	отандық	56
Павлодар "Сүт" ААҚ	ЖЭО	Меншікті	1973	отандық	45
Петропавл "Мол-сервис" ААҚ	ЖЭО	Меншікті		отандық	20
Шымкент "Сүт" ЖШС	ЖЭО	Меншікті		отандық	15,0

Сүт өңдейтін ұйымдардың объектілері кеңестік өндірістің ескі жабдықтарымен жарақтандырылған.

Астана, Ақтөбе, Атырау, Семей, Тараз, Орал, Өскемен, Қарағанды, Қостанай қалаларының сүт өңдейтін ұйымдары 1959-1969 жылдары салынған, тозуы 45-тен 80 %-ға дейін, жаңғыртуды және техникалық қайта жарақтандыруды талап етеді. Отандық сүт өңдеу ұйымдарында, іс жүзінде, тек қана қаймағы алынбаған сүт, кейбірінде сары май мен ірімшік өндіру мүмкіндігі бар.

#### 11-кесте

#### 2.11. Сүт өңдейтін ұйымдардың 1999 жылы дайындаған және қайта өңдеген сүттің көлемі

(мың тонна)

Қалалар !Қала маңын. !Оның ! % ! соның ішінде  
!дағы тауарлы!ішінде ! !-----  
!сүттің !өңдеуші ! !Ауыл шаруа. ! жеке меншік  
!өндірілуі !ұйымдардың! !шылығы құры. ! ауласында  
! !дайындаға.! !лымдарында !  
! !ны ! ! !

Астана	59	11,8	20,0	3	8,8
Көкшетау	30	6	20,0	1,2	4,8
Ақтөбе	50	4,8	9,6	1,8	3,0
Алматы	174	31,1	17,8	10,6	20,5



Талдықорған	25	4,9	19,6	0,8	4,1
Атырау	6	1,0	16,6	0,2	0,8
Өскемен	52	14,3	27,5	5,3	5,0
Семей	43	8,7	20,2	1,5	7,2
Тараз	51	10,4	20,4	2,0	8,4
Орал	44	7,7	17,5	0,7	7,0
Қарағанды	40	3,0	7,5	1,2	1,8
Жезқазған	6	1,2	20,0	0,4	0,8
Қызылорда	13	0,4	3,0		0,4
Қостанай	41	13,6	33,2	2,2	11,4
Павлодар	64	13,5	21,1	4,0	5,5
Петропавл	57	22,0	38,6	4,7	17,3
Шымкент	70	6,4	9,1	0,7	5,7
-----					
Барлығы	825	160,8	19,5	40,3	120,5
-----					

Сүт өңдеу ұйымдарында сүт дайындайтын тарамдалған желі жоқ және айналым каражаты жетіспейді, соның нәтижесінде, әсіресе, жеке меншік аулаларда өндірілетін сүтті барынша толық жинау қамтамасыз етілмеуде.

Жалпы өндірілетін сүт көлемінде тауарлы-сүт фермаларының (бұдан әрі -

ТСФ) үлес салмағы төмен.

Сапасы ескерілмей, сүт бірыңғай дайындау бағасымен сатып алынады. Негізгі көлемі сатып алынатын жеке аулаларда, технологиялары мен санитарлық нормалар сақталмағандықтан, сапасы нашар сүт өндірілуде.

Сапалы сүт өндірілетін тауарлы-сүт фермаларының желісін кеңейту шикізат базасын дамытудың негізгі факторы бола алады.

## 12-кесте

### 2.12. Қалалар маңындағы аймақтардағы мал табынының 1999 жылғы жай-күйі

(мың бас)

-----

Қалалар !Сауынды ! оның ішінде !оның ! Оның ішінде  
!сиыр саны !-----!ішінде!-----

! !а/ш құ. !жеке ау. !асыл !А/ш құ. !Жеке аулаларда  
 ! !рылымда.!лаларда !тұқым.!рылымда.!(маманданды.  
 ! !рында !(маман. !ды мал!рында !рылмаған  
 ! !(маман. !дандырыл.!басы !(маман. !өндіріс)  
 ! !данды. !маған ! !данды. !  
 ! !рылған !өндіріс) ! !рылған !  
 ! !ТСФ) ! ! !ТСФ) !

---

Астана	55	8	47	2,8	2,8	
Көкшетау	26	1	25	0,1	0,1	
Ақтөбе	70	7	63	0,5	0,5	
Алматы	99	18	81	10,2	10,2	
Талдықорған	24	4	20	2,1	2,1	
Атырау	14	1	13			
Өскемен	38	9	29	5,2	5,2	
Семей	35	5	30	1,1	1,1	
Тараз	31	3	28	3,2	3	0,2
Орал	31	3	28	0,5	0,5	
Қарағанды	42	4	38	0,5	0,5	
Жезқазған	13	3	10			
Қызылорда	18	1	17	0,03	0,03	
Қостанай	29	3	26	2,4	2,4	
Павлодар	49	13	36	4	4	
Петропавл	34	7	27	7	5,7	1,3
Шымкент	55	2	53	1,4	1,4	
Барлығы	663	92	571	41,03	39,53	1,5

---

таблицаның жалғасы:

---

Қолдан ұрықтандыру пункттерімен  
қамтамасыз етілуі

---

Қалалар	!керегі	!қолда	!қамтамасыз
!	!бары	!етілуі	%

---

Астана	142	41	29
Көкшетау	60	20	33
Ақтөбе	75	13	17

Алматы	155	55	35
Талдықорған	52	32	61
Атырау	11	5	45
Өскемен	106	51	48
Семей	22	10	45
Тараз	68	26	38
Орал	62	34	55
Қарағанды	133	45	34
Жезқазған	8	2	25
Қызылорда	28	6	21
Қостанай	75	31	41
Павлодар	115	21	18
Петропавл	63	37	59
Шымкент	177	42	24
Барлығы	1352	471	35

---

Негізгі сауынды сиыр басының 86 % азаматтардың жеке аулаларында

шоғырландырылған, онда асыл тұқымды мал, іс жүзінде, жоқ.

Сиырлардың тектік әлеуеті өте төмен және асыл тұқымды мал басы, негізінен, тауарлы-сүт фермаларында шоғырландырылған.

Сиырларды қолдан ұрықтандыру пункттерінің желісі нашар дамытылған, әсіресе, жеке аулаларда тексіз, шығу тегі белгісіз бұқалармен еркін шағылыстыру етек алған.

### 13-кесте

#### 2.13. Қалалар маңындағы аймақтардағы тауарлы-сүт фермаларын дамыту

---

Қалалар !Қолданыс !ондағы !Сиыр басын!Бұрынғы!Ондағы !жаңа !ондағы  
!тағы !бар !қосымша !ТСФ !сиырлар!ТСФ !сиырлар  
!барлық !сиыр. !толықтыру !қалпына!басы, !салу !басы,  
!ТСФ !лардың !қажет, !келтіру!мың !қажет, !мың бас  
! !саны, !мың бас !қажет, !бас !бірлік !  
! !мың ! !бірлік ! ! !  
! !бас ! ! ! ! !

---

Астана	34	8,1	2,1				
Көкшетау	11	0,9	1,3				
Ақтөбе	32	6,4		23	4,6		
Алматы	40	9,9	5,4				
Талдықорған	16	2,1	1,6				
Атырау					4	0,8	
Өскемен	38	12,4		18	3,6		
Семей	15	3,7		11	2,5		
Тараз	9	1,8		11	2,2		
Орал	20	2	2,0	4	0,9		
Қарағанды	25	4,3	0,7	15	3,7		
Жезқазған	5	0,4	0,6	15	2,6		
Қызылорда				10	1,6	10	1
Қостанай	15	3,1		18	3,6		
Павлодар	22	2,2	2,2	45	11,2		
Петропавл	7	2,6	0,2	12	4,2		
Шымкент	16	3	0,2	14	2		
Барлығы	305	62,9	16,3	196	42,7	14	1,8

14-кесте

2.14. Тауарлы-сүт фермаларын 1999 жылы жемшөппен қамтамасыз етудің жай-күйі

Қалалар	!Жай жемшөппен		!Балауса жемшөппен !		Жеммен
	! қамтамасыз етілу	! қамтамасыз етілу	! қамтамасыз етілу	! қамтамасыз етілу	
	!	%	!	%	!

Астана	88		100		100
Көкшетау	86		100		100
Ақтөбе	120		40		63
Алматы	110		80		100
Талдықорған	102		129		82
Атырау	97		11		14
Өскемен	93		61		78
Семей	106		26		54
Тараз	107		44		111
Орал	95		50		64

Қарағанды	100	0	100
Жезқазған	103	0	100
Қызылорда	83	0	100
Қостанай	100	100	100
Павлодар	111	65	100
Петропавл	100	100	100
Шымкент	115	57	36
Барлығы	103	57	90

---

Ақтөбе, Атырау, Өскемен, Семей, Тараз, Орал, Павлодар және Шымкент қалаларының маңындағы аймақта мал балауса жемшөппен нашар қамтамасыз етілген, ал Қарағанды, Жезқазған және Қызылорда қалалары маңындағы аймақта олар, іс жүзінде, мүлдем өндірілмейді.

Атырау, Шымкент қалалары маңындағы аймақта сүт өндірушілер жеммен нашар қамтамасыз етіледі.

## 2.15. Қорытынды

Қала маңындағы аймақ өткізу рыногына жақын болғандықтан, әрқашанда сүт өндіруге тиімді аймақ болған. Алайда, соңғы жылдардағы экономикалық ахуалға байланысты халықтың төлем қабілеті бар сұранысы күрт төмендеп, жоспарлы экономика жылдары құрылған, ірі қалалар маңындағы сүт және оны өңдеудің мамандандырылған өндірісі қысқарды.

Дегенмен де, жалпы алғанда, қала халқының төлем қабілеті сүт өнімдерімен толық қанағаттандырылады, соның ішінде қала маңындағы аймақта өндірілген сүт - 67 %, қала маңындағы аймақтың шегінен тыс әкелінетін сүт - 21 %, импорты - 12 % тең. Өңделген сүт өнімдерінің импорт құрылымының үлесі 48 % құрайды, соның ішінде сүт өнімдерінің терең өңдеу үлесі 68 % тең. Алайда, сүт өнімдерінің жан басына шаққандағы орташа тұтынылуы төмен және ғылыми негізделген нормаларға сәйкес емес. Халықтың төлем қабілеті өскен жағдайда, сүт өнімдерін тұтынуы да өсуі күтілуде.

Импортталатын сүт өнімдерінің үлесі жоғары болуы отандық өңдеу өнеркәсібінің тоқыраудағы жағдайын сипаттайды. Іс жүзінде, олардың бәрінің де шығыны жоғары, артта қалған технологиямен, табиғи және сапалық тозған жабдықтармен жұмыс істейді, бәсекеге қабілеті жоқ өнім шығарғандықтан, айналым қаражатынан айырылып отыр. Осы себептен, олардың жұмысы кең өріс ала алмай, тауарлық сүттің негізгі үлесі

халыққа шикі, өңделмеген түрде сатылады. Сүт өңдейтін барлық ұйымдар жаңғыртуды және техникалық қайта жарақтандыруды қажет етеді.

Қала маңындағы аймақта, бүкіл республикадағыдай тауарлық сүт өндірудің негізгі көлемі (86 %) жеке меншік ауласында өндіріледі, мамандандырылған шаруашылықтар мен тауарлы-сүт фермаларының үлесі мардымсыз. Жеке меншік ауласында сүт өндіру шығыны төмен болғандықтан, тиімді болғанымен, өндіру технологиясын сақтамағандықтан, тауарлы-сүт фермаларына қарағанда сапасы төмен. Бұдан басқа, мал тұқымын асылдандыру жұмысы мен мал дәрігерлік қызмет көрсетуге, сүт өндірудің маусымдылығына және оны сатып алуды ұйымдастырудың қиындығына байланысты күрделі мәселелер орын алуда. Сондықтан, оларды бірте-бірте отбасылық немесе ірі тауарлы-сүт ауыл шаруашылығы құрылымдары сияқты мамандандырылған құрылымдарға айналдыру көзделеді.

### 3. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты: Ірі қалалардың төлемге қабілетті халқының сұранысын отандық сүт өндірісі өнімдерінің кең ассортиментінде барынша қанағаттандыру.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін мына міндеттерді шешу алда тұр:

1) сүт өңдейтін қазіргі объектілерді қайта жаңарту және техникалық жарақтандыруды қамтамасыз ету;

2) сүтті көп өндіретін аймақта оны терең өңдейтін жаңа қуаттарды іске қосу;

3) шикізат базасын, сүт дайындау жүйесін баламалы дамыту үшін мамандандырылған тауарлы-сүт фермаларын ынталандыруға иек арта отырып, жағдай жасау;

4) сауынды сиыр табынының тектік әлеуетін және оған мал дәрігерлік қызмет көрсетуді жақсарту жөнінде шаралар қабылдау.

### 4. Бағдарламаны іске асырудың және қаржыландырудың тетігі

Осы Бағдарламаны іске асыру үшін мынадай жұмыстарды орындау қажет:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласында бір ауысымда 50 тонна сүт өңдейтін қуаты бар немесе бір ауысымда 25 тонна сүт консервісін өндіретін зауыт салу, бағдар бойынша бағасы 1,3-1,5 млн. АҚШ доллары.

Жобаның әкімшісі: Солтүстік Қазақстан облысының әкімі, Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен және "Эксимбанк" ЖАҚ-мен (келісім бойынша) бірлесіп.

Қаржыландыру көздері - импортты алмастыру бағдарламасының қаражаты.

2. Астана, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Өскемен, Тараз, Қарағанды, Жезқазған,

Қызылорда, Қостанай қалаларында ірімшік, сары май, қаймағы алынбаған сүт өнімдерін өндіру зауыттарын қайта жаңарту.

Жобаның әкімшілері: облыстардың әкімдері.

Қаржыландыру көздері - инвестициялар, қайтарымды негізде бөлінетін жергілікті бюджет қаражаттары, жеке және заңды тұлғалардың меншікті қаражаттары. Қажетті қаржы ресурстары 715 млн. теңге.

3. Астана, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Өскемен, Тараз, Қарағанды, Жезқазған, Қызылорда, Қостанай қалалары маңында тауарлы-сүт фермаларын дамыту.

Жобаның әкімшілері: облыстардың әкімдері.

Қаржыландыру көздері - инвестициялар, қайтарымды негізде бөлінетін жергілікті бюджет қаражаттары, жеке және заңды тұлғалардың меншікті қаражаттары. Қажетті қаржы ресурстары 1670 млн. теңге.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеге енгізілген, малды аса қауіпті жұқпалы аурулардан қорғау жөніндегі мал дәрігерлік-профилактикалық іс-шаралар жүргізу арқылы, мал дәрігерлік қызмет көрсетуді қамтамасыз ету.

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі: Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі.

Қаржыландыру көздері - көрсетілген мақсаттарға республикалық бюджетте көзделген қаражат. Қажетті қаржы ресурстары 309 млн. теңге.

5. Мал тұқымын асылдандыру орталығын құру, тұқым жақсартқыш бұқалардың ұрығын беру, пайдаланылған және сатылған ұрықтарды, сатылған асыл тұқымды мал төлін қаражаттандыру.

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі: Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі.

Қаржыландыру көзі - көрсетілген мақсаттарға республикалық бюджетте көзделген қаражат. Қажетті қаржы ресурстары 363,4 млн. теңге.

6. Сауынды сиыр шаруашылығындағы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер, ауыл шаруашылығының тектік қорын сақтау дамыту және пайдалану, жаңа тұқымдар, тұрпаттар, желілер жасап шығару, селекциялық жұмыстың перспективалық жоспарын әзірлеу.

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі: Қазақстан Республикасының Ғылым және білім министрлігі.

Қаржыландыру көзі - көрсетілген мақсаттарға республикалық бюджетте көзделген қаражат.

7. Жемшөп өсіру және дайындау үшін жер бөлу.

Жауаптылар: облыстардың әкімдері.

8. Лизингтік негізде жемшөп дайындайтын техникамен қамтамасыз ету.

Жауаптылар: Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі.

Қажетті қаржы ресурстары 670 млн. теңге.

Ескерту: қаржылық қаражат қажеттілігін облыстардың департаменттері (басқармалары) анықтаған. Қажетті қаржы ресурстарының көлемі әрбір қала маңындағы аймақ субъектілері бойынша бизнес-жоспарлар жасау процесінде нақтыланатын болады.

## 5. Күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру:

ірі қалалардың маңындағы аймақта өндірілетін сүттің тауарлығын 10 % өсіруге;

ірі қалалардың халқының қала маңындағы аймақтан сүтпен қамтамасыз етілуін 87 % дейін жеткізуге;

импортталатын сүт пен сүт өнімдерінің көлемін 2 есе төмендетуге;

қала маңындағы аймақта сүт өндірісін шоғырландыруға және қалалар маңында "сүтті аймақтар" құруға;

сиырларды қолдан ұрықтандыруды мамандандырылған тауарлы-сүт

фермаларында 100 %, халықтың жеке меншік аулаларында 50 % қамтуға;

сауынды сиыр табынын 100 % толыққанды азықтандырумен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жемшөп базасын құруға;

сауынды сиыр тұқымдылығының сапалы жаңаруына, тектік әлеуетін жақсартуға, оның өнімділігін арттыруға қол жеткізуге;

сүт өңдеуді жүзеге асыратын объектілерді техникалық қайта жарақтандыруды жүргізуге және жаңа технологиялар енгізуге, дайындау желілерін құру, сүтті өткізу және өңдеу проблемаларын шешуге мүмкіндік береді.

Ірі қалалардың маңындағы аймақтарда сүт өндірісін дамытудың 2000-2002 жылдарға арналған салалық бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар

---

Іс-шараның атауы ! Аяқтау ! Орындалуына ! Орындау  
! нысаны ! жауаптылар ! мерзімі

---

1. АҚ нысанында акцияның Қазақстан Қазақстан 2001 жылдың



мемлекеттік пакеті 70 %-дан Республикасы Республикасының 3 тоқсаны  
кем болмайтын тұқым асылдандыру Үкіметінің Ауыл  
орталығын құру. қаулысы шаруашылығы  
министрлігі

2. Тұқым асылдандыру өнімін Бұйрық Қазақстан 2001 жыл  
сату жөніндегі асыл тұқымды Республикасының  
шаруашылықтарды аттестаттаудан Ауыл  
өткізу. шаруашылығы  
министрлігі

3. Асыл тұқымды мал Қазақстан Қазақстан Әрбір  
шаруашылығын қаражаттандыру. Республикасы Республикасының жылдың  
Үкіметіне Ауыл қорытындысы  
есеп шаруашылығы бойынша  
министрлігі

4. Қазақстан Үкіметі бекіткен Қазақстан Қазақстан Әрбір  
тізбе бойынша, малдың аса Республикасы Республикасының жылдың  
қауіпті жұқпалы ауруларынан Үкіметіне Ауыл қорытындысы  
малды қорғау жөніндегі мал есеп шаруашылығы бойынша  
дәрігерлік алдын алу министрлігі  
іс-шараларын жүргізу арқылы  
мал дәрігерлік қызмет  
көрсетуді қамтамасыз ету.

5. Лизингтік негізде сүт Қазақстан Қазақстан Әрбір  
бағытындағы ауыл шаруашылығы Республикасы Республикасының жылдың  
құрылымдарын жемшөп жинау Үкіметіне Ауыл қорытындысы  
техникасымен қамтамасыз ету. есеп шаруашылығы бойынша  
министрлігі

6. Асыл тұқымды мал Қазақстан Қазақстан Әрбір  
шаруашылығы саласында ғылыми Республикасы Республикасының жылдың  
қолданбалы және іргелі Үкіметіне Ғылым және қорытындысы  
зерттеулер (жаңа тұқымдар, есеп білім бойынша  
топтар, тұрпаттар шығару) министрлігі  
жүргізу.

7. Солтүстік Қазақстан облысы Қазақстан Солтүстік Әрбір  
Петропавл қаласында қуаты бір Республикасы Қазақстан жылдың  
ауысымда 50 тонна сүт өңдейтін Үкіметіне облысының әкімі қорытындысы  
немесе 25 тонна сүт есеп Қазақстан бойынша  
консервісін шығаратын зауыт Республикасының  
салу. Энергетика,  
индустрия және  
сауда  
министрлігімен  
және  
"Эксимбанк"  
ЖАҚ-мен  
(келісім бойынша)  
бірлесіп

8. Астана, Ақтөбе, Алматы, Қазақстан Облыстардың Әрбір  
Атырау, Өскемен, Семей, Республикасы әкімдері, жылдың  
Тараз, Қарағанды, Жезқазған, Үкіметіне Қазақстан қорытындысы  
Қызылорда, Қостанай, есеп Республикасының бойынша  
Петропавл, Шымкент Ауыл  
қалаларының төңірегінде шаруашылығы  
сауынды сиырлар мен министрлігі  
құнажындарды қолдан  
ұрықтандыру пункттерінің  
жұмыстарын ұйымдастыру мен  
тауарлы-сүт фермаларын дамыту.

9. Астана, Ақтөбе, Алматы, Қазақстан Облыстардың Әрбір  
Атырау, Өскемен, Тараз, Республикасы әкімдері жылдың  
Қарағанды, Жезқазған, Үкіметіне қорытындысы  
Қызылорда, Қостанай, Семей есеп бойынша  
және Шымкент қалаларында  
өңделмеген (қаймағы  
алынбаған), сары май және  
ірімшік, сүт өнімдерін  
өндіретін объектілердің  
қайта жаңғыртылуы мен  
техникалық жаңартылуын жүргізу,  
қазіргі және келешекте шикізат

базасын дамыту есебінен сүт  
дайындайтын пункттер  
ұйымдастыру.

10. Тауарлы-сүт фермаларына Облыс Облыстардың 2001 жыл  
жемшөп өсіру және дайындау әкімдерінің әкімдері  
үшін, жер учаскелерін бөлуді шешімі  
қамтамасыз ету.

---

Мамандар:

Багарова Ж.А.  
Икебаева А.Ж.